

Бекітемін



«Нұр-Сұлтан қаласы»
Әкімдігінің меңгерушісі

Д.Т. Табышева

Тақырыбы: «Сиқырлы кітаптың жұмбағы»

«Ертегі» ересек тобы

Тәрбиеші: Абатова С.А

2026 оқу жылы

Білім беру саласы: Коммуникативтік дамыту
Ұйымдастырылған іс-әрекет: Сөйлеуді дамыту
Тақырыбы: «Сиқырлы кітаптың жұмбағы»
Тобы: «Ертегі» ересек

Мақсаты:

Балалардың ертегілер туралы білімдерін бекіту, байланыстырып сөйлеуін дамыту, ертегі кейіпкерлерін сипаттап, өз ойын еркін жеткізуге үйрету.

Күтілетін нәтиже (5 дағды)

Физикалық: Қимылды ойындарға белсенді қатысады.

Коммуникативтік: Ертегі мазмұнын әңгімелейді, сұрақтарға жауап береді.

Танымдық: Кейіпкерлерді ажыратып, салыстырады.

Шығармашылық: Ертегіні өз ойымен жалғастырады.

Әлеуметтік-эмоционалдық: Бірлесіп жұмыс істеп, жақсы мен жаманды ажыратады.

Қажетті құралдар:

Сиқырлы кітап, кілттер, ертегі кейіпкерлерінің суреттері, интерактивті тақта, жұлдызшалар.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі

Шаттық шеңбері

Күннің нұры төгілсін,

Көңіліміз көтерілсін.

Ертегіге саяхат жасап,

Біліміміз толысын!

Тәрбиеші:

– Балалар, бүгін бізге Сиқырлы кітап келіпті. Бірақ оның құлшы жабық. Кітапты ашу үшін бес тапсырманы орындап, бес кілтті жинауымыз керек.

1-тапсырма «Ертегіні тап»

Тәрбиеші жұмбақ жасырады.

– Домалап жүріп бәрінен қашқан кейіпкер?

Балалар: Бауырсақ.

– Барлығы бірігіп тартқан көкөніс?

Балалар: Шалқан.

– Мысықпен дос болған қыз?

Балалар: Мақта қыз.

□ 1-кілт беріледі.

2-тапсырма «Кейіпкерді сипатта»

Тәрбиеші түлкі, қоян, аю суреттерін көрсетеді.

Балалар олардың мінезін сипаттайды.

Мысалы:

Түлкі – ку, айлакер.

Қоян – мейірімді, қорқақ.

Аю – күшті, батыл.

□ 2-кілт беріледі.

Сергіту сәті

Қоян болып секіреміз.

Аю болып жүреміз.

Құс болып ұшамыз.

Түлкі болып ақырын жүреміз.

3-тапсырма «Оқиғаны ретімен орналастыр»

Балалар суреттерді ретімен қойып, ертегінің мазмұнын әңгімелейді.

□ 3-кілт беріледі.

4-тапсырма «Ертегіні жалғастыр»

Тәрбиеші:

– Бір күні орманда кішкентай қоян келе жатып...

Балалар ертегіні өз қиялымен жалғастырады.

☐ 4-кілт беріледі.

5-тапсырма «Жақсы ма, жаман ба?»

Тәрбиеші кейіпкерлердің әрекеттерін атайды.

Досына көмектесті.

Үлкеннің тілін алмады.

Әлсізге қамқор болды.

Балалар олардың жақсы немесе жаман әрекет екенін айтады.

☐ 5-кілт беріледі.

Қорытынды

Балалар бес кілтті кітапқа орналастырады.

Тәрбиеші:

– Жарайсындар! Сендер барлық тапсырманы орындап, Сиқырлы кітаптың жұмбағын шештіңдер. Ертегілер бізді мейірімді, адал және қамқор болуға тәрбиелейді.

Рефлексия

«Сиқырлы кітап» әдісі

☐ – Бүгін бәрін түсіндім.

☐ – Аздап қиналдым.

☐ – Тағы да үйренгім келеді.

Бағалау

Балалар «Ертегі білгірі» жұлдызшасымен немесе медалімен марапатталады.